

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан және көліктік (автомобильдік) бақылау жүзеге асырылуы мүмкін, хабарламаларды қабылдау пункттерінің анықтамалығы туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 23 қарашадағы № 156 шешімі

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 4 және 7-тармақтарына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі туралы ережені басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан және көліктік (автомобильдік) бақылау жүзеге асырылуы мүмкін, хабарламаларды қабылдау пункттерінің анықтамалығы (бұдан әрі – анықтамалық) бекітілсін.

2. Анықтамалық Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі ресурстарының құрамына енгізілсін.

3. Мыналар:

анықтамалық осы Шешім күшіне енген күннен бастап қолданылады;

анықтамалықтың кодтық белгіленімдерін пайдалану Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді іске асыру кезінде міндетті болып табылады.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2021 жылғы 23 қарашадағы  
№ 156 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан және көліктік (автомобильдік) бақылау жүзеге асырылуы мүмкін, хабарламаларды қабылдау пункттерінің анықтамалығы**

**I. Анықтамалықтың паспорты**

--	--	--

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Коды	1036
2	Типі	1 – анықтамалық
3	Атауы	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан және көліктік (автомобильдік) бақылау жүзеге асырылуы мүмкін, хабарламаларды қабылдау пункттерінің анықтамалығы ( бұдан әрі анықтамалық)
4	Аббревиатурасы	СПВТК
5	Белгіленімі	ЕС 036 - 2021 (ред.1)
6	Анықтамалықты (сыныптауышты) қабылдау (бекіту) туралы актінің деректемелері	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 23 қарашадағы № 156 шешімі
7	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолданысқа енгізу (қолдануды бастау) күні	2021 жылғы 26 желтоқсан
8	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолдануды тоқтату туралы актінің деректемелері	–
9	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолданылуының аяқталу күні	–
10	Оператор (операторлар)	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) ұлттық анықтамалықтарды жүргізуге жауапты уәкілетті органдары: Ву – Беларусь Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік инспекциясы КZ – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті КG – Қырғыз Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жанындағы автомобиль, су көлігі және салмақты бақылау департаменті RU – Ресей Федерациясы Көлік министрлігінің Көлік саласындағы қадағалау жөніндегі федералдық қызметі
		анықтамалық мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан және көліктік (автомобильдік) бақылау жүзеге

11	Мақсаты	асырылуы мүмкін хабарламаларды қабылдау пункттерін, оның ішінде хабарламалармен бірге жүретін тасымалдаушыларды жүйелендіруге, кодтауға және бірегей сәйкестендіруге арналған
12	Аннотациясы (қолдану саласы)	Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру кезінде көліктік (автомобильдік) бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Анықтамалық мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында, Еуразиялық экономикалық комиссия мен мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында, Еуразиялық экономикалық комиссия мен халықаралық интеграциялық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдар арасында, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен заңды және жеке тұлғалар арасында ақпарат алмасуды жүзеге асыру кезінде пайдаланылуы мүмкін
13	Негізгі сөздер	бақылау пункті, хабарламаларды қабылдау пункті, көліктік бақылау
14	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының өкілеттіктері іске асырылатын сала	көлік және тасымалдаулар
15	Халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) сыныптаманы пайдалану	2 – анықтамалықтың халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) аналогтары жоқ
		1 – анықтамалықтың мүше мемлекеттерде мынадай аналогтары бар: Беларусь Республикасында – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті, Қырғыз Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жанындағы автомобиль, су көлігі және салмақты габаритті бақылау департаменті және Ресей Федерациясының Көлік саласындағы қадағалау жөніндегі федералдық қызметі берілген хабарламалар туралы ақпарат жіберетін Беларусь Республикасы Көлік және коммуникация

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік анықтамалықтарының (сыныптауыштарының) болуы

министрлігінің Көлік инспекциясының бақылау пункттерінің тізбесі  
 Қазақстан Республикасында – Беларусь Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік инспекциясы, Қырғыз Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жанындағы автомобиль, су көлігі және салмақты габаритті бақылау департаменті және Ресей Федерациясының Көлік саласындағы қадағалау жөніндегі федералдық қызметі берілген хабарламалар туралы ақпарат жіберетін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің бақылау пункттерінің тізбесі  
 Қырғыз Республикасында – Беларусь Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің көлік инспекциясымен, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитетімен және Ресей Федерациясының Көлік саласындағы қадағалау жөніндегі Федералдық қызметімен берілген хабарламалар туралы ақпарат жіберілетін Қырғыз Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің жанындағы автомобиль, су көлігі және салмақты габаритті бақылау департаментінің бақылау пункттерінің тізбесі  
 Ресей Федерациясында – Ресей көлік бақылаудың бақылау пункттерінің тізбесі, оларға Беларусь Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік инспекциясы, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті және Қырғыз Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жанындағы автомобиль, су көлігі

		және салмақты бақылау департаменті берілген хабарламалар туралы ақпарат жібереді
17	Жүйелеу (сыныптау) әдісі	1 – жүйелеудің реттік әдісі. Жүйелеу объектілері хронологиялық принцип бойынша реттелген
18	Жүргізу әдістемесі	анықтамалықты жүргізу № 1 қосымшаға сәйкес тәртіпке сай электрондық түрде жүзеге асырылады
19	Құрылымы	анықтамалықтың құрылымы мен деректемелік құрамы (анықтамалық жолақтарының құрамы, олардың мәндерінің салалары және қалыптастыру қағидалары) осы анықтамалықтың II бөлімінде келтірілген
20	Деректердің құпиялылық дәрежесі	анықтамалықтан алынған мәліметтер ашық қолжетімділік ақпаратына жатады
21	Қайта қараудың белгіленген мерзімділігі	мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берілген хабарламалар туралы ақпарат жіберетін бақылау пункттерінің ұлттық тізбелерінде хабарламаларды қабылдау пункттері туралы мәліметтердің өзгеруіне қарай
22	Өзгерістер	–
23	Анықтамалықтан (сыныптауыштан) егжей-тегжейлі мәліметтерге сілтеме	( анықтамалықтың егжей-тегжейлі мәліметтері Одақтың ақпараттық порталында жарияланады
24	Анықтамалықтан (сыныптауыштан) мәліметтерді ұсыну тәсілі	( Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталында жариялау

## II. Анықтамалық құрылымының сипаттамасы

1. Осы бөлім анықтамалықтың құрылымы мен деректемелік құрамын, оның ішінде деректемелер мәндерінің салаларын және оларды қалыптастыру қағидаларын айқындайды.

2. Анықтамалықтың құрылымы мен деректемелік құрамы мынадай жолдар (бағандар) қалыптастырылатын кестеде келтірілген:

"деректеменің атауы" – деректеменің реттік нөмірі және бекітілген немесе ресми сөзбен белгіленуі;

"деректеме мағынасының аясы" – деректеменің мағынасын (семантикасын) түсіндіретін мәтін;

"деректемені қалыптастыру қағидалары" – деректеменің мақсатын нақтылайтын және оны қалыптастыру (толтыру) қағидаларын айқындайтын мәтін немесе деректеменің ықтимал мәндерін сөзбен сипаттау;

"көп."- деректеменің көптігі (міндеттілік (опциондығы) және деректеменің ықтимал қайталануының саны).

3. Берілетін деректер деректемелерінің көптігін көрсету үшін мынадай белгілер пайдаланылады:

- 1 – деректеме міндетті, қайталауға жол берілмейді;
  - n – деректеме міндетті, n рет қайталануы тиіс ( $n > 1$ );
  - 1..\* – элемент міндетті, шектеусіз қайталануы мүмкін;
  - n..\* – реквизит міндетті, кемінде n рет қайталануы тиіс ( $n > 1$ );
  - n..m – реквизит міндетті, кемінде n рет және көбінде m рет қайталануы тиіс ( $n > 1, m > n$ );
  - 0..1 – деректеме опционалды, қайталауға жол берілмейді;
  - 0..\* – деректеме опционалды, шектеусіз қайталануы мүмкін;
  - 0..m – деректеме опционалды, m реттен артық қайталануы мүмкін емес ( $m > 1$ ).
- Кесте

#### Анықтамалықтың құрылымы мен деректемелік құрамы

Деректеменің атауы	Деректеме мәнінің саласы	Деректемені қалыптастыру қағидалары	Көп.
1. Хабарламаларды қабылдау пункттері туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен анықталады	1...*
1.1. Хабарламаларды қабылдау пунктінің коды	шаблонға сәйкес символдар жолы: [A-Z]{2}[0-9]{2}	ISO 3166-1 стандартына сәйкес қалыптастырылады	1
1.2. Хабарламаларды қабылдау пунктінің атауы	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 255	орыс тіліндегі мәтін түрінде қалыптастырылады	1
1.3. Елдің коды	шаблонға сәйкес символдар жолы: [A-Z]{2}	ISO 3166-1 стандартына сәйкес қалыптастырылады	1
1.4. Орналасқан жері	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 1 000	орыс тіліндегі мәтін түрінде қалыптастырылады	0..1
1.5. Географиялық координаттары	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен анықталады	0...1
	символдар жолы.		

1.5.1. Ендігі	Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 20	ISO 6709 стандартына сәйкес қалыптастырылады	1
1.5.2. Бойлығы	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 20	ISO 6709 стандартына сәйкес қалыптастырылады	1
1.6. Байланыс деректемесі	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен анықталады	0...*
1.6.1. Байланыс түрінің коды	шаблонға сәйкес символдар жолы: [A-Z]{2}	Communication channel qualifier UN/CEFACT сәйкес қалыптастырылады	1
1.6.2. Байланыс арнасының сәйкестендіргіші	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 255	сандар, арнайы символдар, латын алфавитінің әріптері бар мәтін түрінде қалыптастырылады	1...*
1.7. Анықтамалықтың (сыныптауыштың) жазбасы туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен анықталады	1
1.7.1. Қолданылуының басталу күні	күннің МемСТ ИСО 8601-2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында белгіленуі	анықтамалықты (сыныптауышты) жазу әрекетінің басталу күніне сәйкес келеді: жазбаны қосу күні (егер жазба анықтамалыққа енгізілсе) немесе жазбаны өзгерту күні (егер бұрын каталогқа енгізілген жазба өзгерсе)	1
1.7.2. Анықтамалықты (сыныптауышты) жазу әрекетінің басталуын регламенттейтін акт туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен анықталады және бақылау пункті әрекетінің басталуын белгілейтін актінің деректемелерін (егер жазба анықтамалыққа енгізілсе) немесе бақылау пункті туралы мәліметтердің өзгеруін белгілейтін актінің деректемелерін (егер анықтамалыққа бұрын енгізілген жазба өзгерсе) қамтиды	0...1
	символдар жолы.		

1.7.2.1. Акт түрінің атауы	Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 500	орыс тіліндегі мәтін т ү р і н д е қалыптастырылады	1
1.7.2.2. Актінің атауы	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 500	орыс тіліндегі мәтін т ү р і н д е қалыптастырылады	0...1
1.7.2.3. Актінің нөмірі	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 50	актіге берілген сандық немесе әріптік-сандық белгіленімді қамтиды	0...1
1.7.2.4. Актінің күні	күннің МемСТ ИСО 8601 -2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында белгіленуі	актінің қабылданған күніне сәйкес келеді	1
1.7.2.5. Актіні қабылдаған органның коды	символдар жолы	Еуразиялық экономикалық одақ органының немесе мүше мемлекеттің мемлекеттік билік және басқару органының коды	0...1
1.7.2.6. Актіні қабылдаған органның атауы	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 50	орыс тіліндегі мәтін т ү р і н д е қалыптастырылады	0...1
1.7.3. Қолданылуының аяқталу күні	күннің МемСТ ИСО 8601 -2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында белгіленуі	анықтамалықты (сыныптауышты) жазу әрекетінің аяқталу күніне сәйкес келеді	0...1
1.7.4. Анықтамалықты (сыныптауышты) жазу әрекетінің аяқталуын регламенттейтін акт туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен анықталады және бақылау пунктінің қолданылуын тоқтатуды белгілейтін актінің деректемелерін қамтиды (бақылау пункті таратылған жағдайда)	0...1
1.7.4.1. Акт түрінің атауы	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 500	орыс тіліндегі мәтін т ү р і н д е қалыптастырылады	1
1.7.4.2. Актінің атауы	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 500	орыс тіліндегі мәтін т ү р і н д е қалыптастырылады	1
1.7.4.3. Актінің нөмірі	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 50	актіге берілген сандық немесе әріптік-сандық белгіленімді қамтиды	0...1
1.7.4.4. Актінің күні	күннің МемСТ ИСО 8601 -2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында белгіленуі	актінің қабылданған күніне сәйкес келеді	1



1.7.4.5. Актінің қабылдаған органның коды	символдар жолы	Еуразиялық экономикалық одақ органының немесе мүше мемлекеттің мемлекеттік билік және басқару органының коды	0...1
1.7.4.6. Актінің қабылдаған органның атауы	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 50	орыс тіліндегі мәтін түрінде қалыптастырылады	0...1

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 23 қарашадағы № 156 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан және көліктік (автомобильдік) бақылау жүзеге асырылуы мүмкін, хабарламаларды қабылдау пункттерінің анықтамалығына  
ҚОСЫМША

## **Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан және көліктік (автомобильдік) бақылау жүзеге асырылуы мүмкін, хабарламаларды қабылдау пункттерінің анықтамалығын жүргізу ТӘРТІБІ**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (бұдан әрі – Одақ туралы шарт);

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі туралы" 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды әзірлеу, жүргізу және қолдану әдіснамасын (бұдан әрі – Әдіснама) бекіту туралы" 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 121 шешімі.

### **II. Қолданылу саласы**

2. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасқан және көліктік (автомобильдік) бақылау жүзеге асырылуы

мүмкін хабарламаларды қабылдау пункттерінің анықтамалығын (бұдан әрі – анықтамалық) қалыптастыру және жүргізу рәсімін регламенттейді.

3. Осы Тәртіпті Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – Одақ, мүше мемлекеттер) мүше мемлекеттің аумағындағы көліктік (автомобильдік) бақылау пункттерінің ұлттық тізбелерін жүргізуге жауапты, оларға жетіспейтін құжаттарды ұсыну және бақыланатын параметрлердің сәйкессіздігін жоюды растау туралы берілген хабарламалар туралы ақпарат (бұдан әрі – ақпарат) жіберілетін уәкілетті органдары және анықтамалықты қалыптастыру мен жүргізу кезінде нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесінің әкімшісі болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссия қолданады.

### **III. Негізгі ұғымдар**

4. Осы тәртіпті қолдану мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"анықтамалықтың ұлттық бөлігінің операторы" – мүше мемлекеттің аумағында бақылау пункттерінің ұлттық тізбелерін жүргізуге жауапты, берілген хабарламалар туралы ақпарат жіберілетін мүше мемлекеттің уәкілетті органы;

"хабарламаларды қабылдау пункті" – хабарламаларды тексеру орындалатын бақылау пункті.

"Бақылау пункті", "көліктік (автомобильдік) бақылау" ұғымдары Үйлестірілген (келісілген) көлік саясаты туралы хаттамаға (2014 жылғы 29 мамырдағы Одақ туралы шартқа № 24 қосымша) № 1 қосымшада айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Тәртіпте пайдаланылатын өзге де ұғымдар Одақ туралы шартта және Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесін қалыптастыру және дамыту мәселелері жөніндегі Одақ органдарының актілерінде айқындалған мағыналарда қолданылады.

### **IV. Анықтамалықты жүргізу қағидастары**

5. Анықтамалықты қалыптастыру және жүргізу хабарламаларды қабылдау пункттерін жүйелеу, кодтау және бірегей сәйкестендіру мақсатында жүзеге асырылады.

6. Анықтамалық анықтамалықтың ұлттық бөліктері операторларының және нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесі әкімшісінің ақпараттық өзара іс-қимылы негізінде жүргізіледі.

7. Анықтамалықтың ұлттық бөліктері операторларының нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесінің әкімшісімен өзара іс-қимылы электрондық түрде жүзеге асырылады.

8. Анықтамалықты қалыптастыру және жүргізу кезінде анықтамалықтың ұлттық бөліктерінің операторлары нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесінің

әкімшісіне XML форматындағы файлдар түрінде хабарламаларды қабылдау пункттері туралы мәліметтерді (бұдан әрі – XML-құжат) ұсынады.

9. Берілетін XML-құжаттардың құрылымы мен деректемелік құрамы анықтамалықтың II бөлімінде келтірілген талаптарға сәйкес қалыптастырылуы тиіс.

10. Анықтамалықтың ұлттық бөліктері операторларының және анықтамалықты қалыптастыру және жүргізу бөлігінде нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесі әкімшісінің жауапкершілігі осы Тәртіптің ережелері ескеріле отырып, Әдіснамаға сәйкес айқындалады.

## **V. Анықтамалықты бастапқы толықтыру**

11. Анықтамалықты Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Алқасының шешімімен бекіту не Одаққа жаңа мүшелер қабылданған жағдайда, Одақ органының актісінде айқындалған жоспарланған іс-шаралар анықтамалықты бастапқы толтыру үшін негіз болып табылады.

12. Анықтамалықты бастапқы толықтыру бір рет орындалады.

13. Анықтамалықтың ұлттық бөліктерінің операторлары Комиссия Алқасы анықтамалықты бекіту туралы шешім қабылдағаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің әкімшісіне хабарламалар қабылдаудың қолданыстағы пункттері туралы мәліметтерді беруді орындайды. Одаққа жаңа мүше қабылданған жағдайда осы мүше мемлекеттің анықтамалығының ұлттық бөлігінің операторы анықтамалықты бастапқы толықтыруды Одақ органы белгілейтін мерзімдерде жүзеге асырады.

14. Анықтамалықтың Ұлттық бөлігін оператордың бастапқы толтыруы үшін нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесінің әкімшісіне ұсынылатын XML-құжат құжатты қалыптастыру кезінде хабарламаларды қабылдау пункттері туралы өзекті мәліметтерді, сондай-ақ мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

"Хабарламаларды қабылдау пунктінің коды" – GS99, мұнда GS – ISO 3166-1 стандартына сәйкес мәліметтерді ұсынатын мүше мемлекеттің әріптік коды;

"Хабарламаларды қабылдау пунктінің атауы" – "Өзге бақылау пункті";

"ел коды" – GS, мұнда GS – ISO 3166-1 стандартына сәйкес мәліметтер беретін мүше мемлекеттің әріптік коды;

"қолданылуының басталу күні" – Комиссия Алқасының анықтамалықты бекіту туралы шешімі күшіне енген күнге немесе Одаққа жаңа мүшені қабылдау күніне сәйкес келетін YYYY-MM-DD форматындағы ИСО 8601-2001 MEMCT сәйкес күн.

15. Ақпаратты автоматты түрде өңдеу үшін XML құжаты бар файл атауы мына схема бойынша құрылуы керек:

SPVTK.GS.0000.xml, мұнда:

SPVTK – анықтамалықтың аббревиатурасы;

GS – ISO 3166-1 стандартына сәйкес мәліметтер беретін мүше мемлекеттің әріптік коды;

0000 – бұл файлда бастапқы толықтыруға арналған ақпарат бар екенін көрсететін белгі.

16. Нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесінің әкімшісі хабарламаларды қабылдау пункттері туралы мәліметтерді алуды Ұлттық бөлік операторына өңдеу хаттамасының анықтамалығын орыс тілінде жіберу арқылы растайды.

17. Егер өңдеу хаттамасында қателердің сипаттамасы қамтылған жағдайда, анықтамалықтың ұлттық бөлігінің операторы қателерді жояды және осы Тәртіпте белгіленген қағидаттарға сәйкес нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесінің әкімшісіне хабарламаларды қабылдау пункттері туралы мәліметтерді беру процесін қайталайды.

18. Алынған мәліметтерді өңдеу кезінде қателер болмаған жағдайда нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесінің әкімшісі ұсынылған мәліметтерді қабылдайды және оларды өңдеуді және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.

## **VI. Анықтамалыққа өзгерістер енгізу**

19. Мүше мемлекеттің аумағында көліктік (автомобильдік) бақылау жүзеге асырылуы мүмкін, хабарламаларды қабылдау пунктін құруды (ұйымдастыруды, ашуды), өзгертуді (қайта құруды) немесе таратуды белгілейтін мүше мемлекеттің актісі (бұдан әрі – мүше мемлекеттің актісі) анықтамалыққа өзгерістер енгізу үшін негіз болып табылады.

20. Анықтамалықтың ұлттық бөліктерінің операторлары анықтамалыққа өзгерістер енгізу үшін ақпаратты нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесінің әкімшісіне беруді мүше мемлекеттің актісі қабылданғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде орындайды.

21. XML-анықтамалыққа өзгерістер енгізу үшін нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесінің әкімшісіне ұсынылатын құжат мынадай мәліметтерді қамтуы мүмкін:

а) мүше мемлекеттің аумағында көліктік (автомобильдік) бақылау жүзеге асырылуы мүмкін, олар құрылған (ұйымдастырылған, ашылған) жағдайда, анықтамалыққа жаңадан енгізілетін хабарламаларды қабылдау пункттері туралы мәліметтер (бұдан әрі – қосуға арналған мәліметтер);

б) анықтамалықтың бұрын енгізілген позицияларына (жазбаларына) енгізілетін өзгерістерді қамтитын мүше мемлекеттің аумағында көліктік (автомобильдік) бақылау жүзеге асырылуы мүмкін хабарламаларды қабылдау пункттері туралы мәліметтер (бұдан әрі – өзгертуге арналған мәліметтер);

в) бұрын анықтамалыққа енгізілген мүше мемлекеттің аумағында көліктік (автомобильдік) бақылау жүзеге асырылуы мүмкін хабарламаларды қабылдаудың таратылған (қызметін тоқтатқан) пункттері туралы мәліметтер (бұдан әрі – тарату туралы мәліметтер).

22. Ұсынылған файлдардың мәліметтерін автоматтандырылған өңдеу мақсаттары үшін файл атаулары мына схема бойынша берілуі керек:

SPVTK.GS.NNNN.xml, мұнда:

SPVTK – анықтамалықтың аббревиатурасы;

GS – ISO 3166-1 стандартына сәйкес мәліметтер беретін мүше мемлекеттің әріптік коды;

NNNN – бірегей реттік нөмірі.

23. Ақпаратты енгізу кезінде файлда бір жазба жасалады. Мұндай жазбаның "код" деректемесінің мәні анықтамалықтың қолданыстағы жазбаларының "код" мәніне сәйкес келетін мәнді қамтымауы тиіс.

24. Мәліметтерді өзгерту үшін ұсыну кезінде мәліметтерді өзгерту талап етілетін хабарламаларды қабылдаудың әрбір пункті үшін екі жазба беріледі. Бірінші жазбада анықтамалыққа бұрын енгізілген жазба (бұдан әрі – өзгертілетін жазба) туралы мәліметтер болуға тиіс. Екінші жазбада хабарламаларды қабылдау пункті туралы өзгертілген мәліметтер (бұдан әрі – өзгертілген жазба) болуға тиіс.

25. Өзгертілетін жазбаны қалыптастыру кезінде мына қағидалар қолданылуы тиіс:

а) "қолданылуының аяқталу күні" және "анықтамалықтың (сыныптауыштың) жазбасын қолданылуының аяқталуын регламенттейтін акт туралы мәліметтер" деген сөздерден басқа, жазбаның барлық деректемелерінің мәндері жазбалардың анықтамалығына бұрын енгізілген мәндерге дәлме-дәл сәйкес келуі тиіс;

б) "қолданылуының аяқталу күні" деректемесі міндетті түрде толтырылады және одан кейін хабарламаларды қабылдау пункті туралы өзгертілген мәліметтер қолданылуы тиіс күнді қамтиды.

26. Өзгертілген жазбаны қалыптастыру кезінде мына қағидалар қолданылуы керек:

а) жазбаның деректемелерінің мәндері "Хабарламаларды қабылдау пунктінің коды" деректемесінен басқа, хабарламаларды қабылдау пункті туралы өзгертілген мәліметтерді қамтуы тиіс.;

б) "қолданылуының басталу күні" деректемесінде хабарламаларды қабылдау пункті туралы өзгертілген мәліметтер қолданылуы тиіс күн қамтылады. Бұл ретте өзгертілетін жазбаның "қолданылуының аяқталу күні" деректемесінің мәні өзгертілген жазбаның "қолданылуының басталу күні" деректемесінің мәнінен аз болуы тиіс;

в) "анықтамалықтың (сыныптауыштың) жазбасын қосуды регламенттейтін акт туралы мәліметтер" деген деректеме өзгертілетін жазбаның "анықтамалықтың (сыныптауыштың) жазбасының қолданылуының аяқталуын регламенттейтін акт туралы мәліметтер" деген деректеменің мәніне сәйкес толтырылады.

27. Тарату туралы мәліметтер ұсынылған кезде (әрбір таратылатын (қызметін тоқтатқан) хабарламалар қабылдау пункті үшін) файлда бір жазба жасалады, оны қалыптастыру кезінде мынадай қағидалар қолданылады:

а) "қолданылуының аяқталу күні" және "анықтамалықтың жазбасының қолданылуының аяқталуын регламенттейтін акт туралы мәліметтерді" қоспағанда, жазбаның барлық деректемелерінің мәндері жазбалардың анықтамалығына бұрын енгізілген мәндерге сәйкес келуге тиіс;

б) "қолданылуының аяқталу күні" деректемесі міндетті түрде толтырылады және хабарламаларды қабылдау пункті таратылған күннің немесе хабарламаларды қабылдау пунктінің қызметі тоқтатылған күннің алдындағы күнді қамтиды.

28. Нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесінің әкімшісі хабарламаларды қабылдау пункттері туралы мәліметтерді алуды ұлттық бөлік операторына өңдеу хаттамасының анықтамалығын орыс тілінде жіберу арқылы растайды.

29. Егер өңдеу хаттамасында қателердің сипаттамасы қамтылған жағдайда, анықтамалықтың ұлттық бөлігінің операторы қателерді жояды және осы Тәртіпте белгіленген қағидаттарға сәйкес нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесінің әкімшісіне хабарламаларды қабылдау пункттері туралы өзгертілген мәліметтерді беру процесін қайталайды.

30. Алынған мәліметтерді өңдеу кезінде қателер болмаған жағдайда нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесінің әкімшісі ұсынылған өзгертілген мәліметтерді қабылдайды және оларды өңдеуді және Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.